

**Көкпекті ауданының Көкпекті селолық округінің Шәріптоғай ауылында ветеринарлық тәртібін орнату туралы**

*Күші жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 05 сәуірдегі N 139 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Көкпекті аудандық әділет басқармасында 2012 жылғы 19 сәуірде N 5-15-104 тіркелді. Күші жойылды - Көкпекті ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 19 желтоқсандағы N 410 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Көкпекті ауданы әкімдігінің 2012.12.19 N 410 қаулысымен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі «Ветеринария туралы» Заңының 10 бабының 2 тармағының 9) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабының 1 тармағының 18) тармақшасына сәйкес Көкпекті ауданының әкімдігі

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Е Д І :**

1. Көкпекті ауданының Көкпекті селолық округінің Шәріптоғай ауылында ұсақ мүйізді мал арасында бруцеллез ауруының пайда болуына байланысты шектеу қойылған шаралар орнатумен ветеринарлық тәртіп орнатылсын.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы Министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Көкпекті аудандық аумақтық инспекциясына (Мұқашев С.Н.), Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау Министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша Департаменті Көкпекті ауданы бойынша Мемлекеттік санитарлық эпидемиологиялық қадағалау басқармасына (Г.Қ. Абдрасулова), аудандық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөліміне (Теміржанов М.Қ.) шектеу қойылған шаралардың орындалуын қамтамасыз ету ұсынылсын.

3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау Министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша Департаменті Көкпекті ауданы бойынша Мемлекеттік санитарлық эпидемиологиялық қадағалау басқармасына (Г.Қ. Абдрасулова) (келісімі бойынша) жеке және заңды тұлғалармен міндетті

санитарлық–эпидемиологиялық шаралардың орындалуын ұйымдастыруды және  
қ а м т а м а с ы з е т у д і ұ с ы н ы л с ы н .

4. Көкпекті селолық округінің әкіміне (Бектасов Р.А.): тәртіп орнатылған  
аумаққа ауыл шаруашылық малдарын аумаққа кіргізу және аумақтан шығаруды,  
мал өнімдерінің шикізатынан дайындалған өнімдерді дайындау мен сатуды,  
Қазақстан Республикасының заңнамалы актілерімен белгіленген ветеринария  
саласындағы ережелерді сақтаумен еңбекті ұйымдастыру мен басқа да  
әкімшілік–шаруашылық шараларды жүргізу.

5. Қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң  
қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і .

6. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары  
Рамиль Нығметжанұлы Сағандықовқа жүктелсін.

Көкпекті ауданының әкімі Д. Мусин

КЕЛІСІЛДІ:

ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау  
және қадағалау комитетінің Көкпекті  
аудандық аумақтық инспекциясының

бастығы

С. Мұқашев

5 сәуір 2012 ж.

ҚР ДСМ МСЭҚК ШҚО  
бойынша Департаментінің  
Көкпекті ауданы бойынша

МСЭҚ басқармасының бастығы

Г. Абдрасулова

5 сәуір 2012 ж.